



Scientific article
IRSTI 02.15.99-13.01.73



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-267-281>

CONTEMPORARY TOPONYMY AS CULTURAL MEMORY

Beknur TISHBEKOV 

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

✉ tishbekov_bm@enu.kz

Abstract. This article advances a philosophical interpretation of cultural memory through a set of toponymic case studies from the Akmola region. Over a prolonged historical period, Akmola underwent intensive economic and administrative reconfiguration, colonial resettlement processes in the eighteenth to twentieth centuries, collectivization in the 1930s, and the establishment of numerous sites associated with the GULAG system in the mid-twentieth century. The region also became a major territory of the Virgin Lands campaign in the second half of the twentieth century. In addition, the relocation of Kazakhstan's capital at the end of the twentieth century significantly reshaped the region's onomastic landscape.

The article examines how each of these historical stages has been inscribed in the region's onomastic map. The selected cases are analyzed in the context of collective cultural memory and national identity, through the interpretive logic of administrative-territorial units and their connections to broader cultural landscapes. Particular attention is given to the ways in which elements of cultural memory mark territories and contribute to the revitalization of historical continuity. The study also highlights the interrelation between contemporary onomastic processes, state interests, and the reconfiguration of cultural-landscape logics. The conclusion underscores the philosophical and cultural significance of onomastic policy for shaping national self-awareness and for restoring historical justice.

Keywords: onomastics; toponyms; ideologically outdated names; toponymy of Akmola Region; cultural memory; historical names; administrative-territorial units.

For citation:

Tishbekov, B. (2026). Contemporary toponymy as cultural memory. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 267-281. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-267-281>.

ҚАЗІРГІ ТОПОНИМИКА МӘДЕНИ ЖАД РЕТІНДЕ

Бекнур ТИШБЕКОВ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

СОВРЕМЕННАЯ ТОПОНИМИКА КАК КУЛЬТУРНАЯ ПАМЯТЬ

Бекнур ТИШБЕКОВ

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Аңдатпа. Мақалада Ақмола өңірінің топонимиялық кейстері арқылы мәдени жадқа философиялық интерпретация ұсынылады. Ақмола аймағы ұзақ уақыт бойы белсенді экономикалық және әкімшілік қайта құрылымдауға, XVIII–XX ғасырлардағы отарлық қоныстандыруға, 1930-жылдардағы ұжымдастыруға ұшырады. XX ғасырдың ортасында бұл аумақта ГУЛАГ жүйесіне қатысты көптеген нысандар болды, ал XX ғасырдың екінші жартысында тың игеру науқаны жүрді. Сонымен қатар XX ғасырдың соңында астананың көшірілуі өңірдің ономастикалық картасына айтарлықтай ықпал етті.

Сонымен қатар, мақалада әрбір тарихи кезеңнің осы өңірдің ономастикалық картасында қалай тіркелгені қарастырылады. Аталған кейстер ұжымдық мәдени жад пен ұлттық бірегейлік контекстінде, әкімшілік-аумақтық бірліктерді интерпретациялау логикасы және олардың мәдени ландшафттармен байланысы арқылы талданады. Ерекше назар мәдени жад элементтерінің аумақтарды қалай таңбалайтынына және тарихи сабақтастықты ревитализациялауға (қайта жаңғыртуға) қалай ықпал ететініне аударылады. Сондай-ақ қазіргі ономастикалық үдерістердің мемлекеттік мүдделермен және мәдени ландшафттар логикасын қайта пайымдаумен өзара байланысы атап көрсетіледі. Қорытындыда ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру мен тарихи әділеттілікті қалпына келтірудегі ономастикалық саясаттың философиялық әрі мәдени маңызы айқындалады.

Түйін сөздер: ономастика; топонимдер; идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар; Ақмола облысының топонимикасы; мәдени жад; тарихи атаулар; әкімшілік-аумақтық бірліктер.

Аннотация. В статье через топонимические кейсы Акмолинского региона, предлагается философская интерпретация культурной памяти. Акмолинский регион в течение длительного времени подвергался активному экономическому и административному реформатированию, колониальному расселению XVIII–XX вв., коллективизации в 1930-е годы, здесь было много объектов системы ГУЛАГ в середине XX века, это территория поднятия целины во второй половине XX века. Кроме того, на ономастическую карту повлиял перенос столицы в конце XX века.

В статье будет рассматриваться как каждый период зафиксировался в ономастической карте этого региона. Эти кейсы рассматриваются в контексте коллективной культурной памяти, национальной идентичности и через логику интерпретации административно-территориальных единиц и их связи с культурными ландшафтами. Особое внимание уделяется тому, как элементы культурной памяти маркируют территории и способствуют ревитализации исторической преемственности. Отмечается также взаимосвязь современных ономастических процессов с государственными интересами и переосмыслением логики культурных ландшафтов. В заключение подчеркивается философская и культурная значимость ономастической политики для формирования национального самосознания и восстановления исторической справедливости.

Ключевые слова: ономастика; топонимы; идеологически устаревшие названия; топонимика Акмолинской области; культурная память; исторические названия; административно-территориальные единицы.

Дәйек сөз үшін:

Тишбеков, Б. (2026). Қазіргі топонимика мәдени жад ретінде. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154 (1), 267-281. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-267-281>.

Кіріспе

Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістігінде ономастика саласы ерекше маңызға ие, себебі ол ұлттық тарихи жадты сақтаудың, мәдени мәнді жаңғыртудың және елдік бірегейлікті нығайтудың басты құралдарының бірі болып табылады. Ономастиканың үлкен бір бөлігі топонимика болып саналады. Әрбір топоним – белгілі бір тарихи кезеңнің, саяси оқиғаның, этномәдени дәстүрдің куәгері әрі ұлттың рухани айнасы.

«Топоним сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда «τόπος — орын, ὄνομα — атау», яғни орын немесе мекен атауы дегенді білдіреді. Топоним дегеніміз белгілі бір объектіге жай беріле салатын атау емес, сол нысанның бар болмысын, табиғатын, ерекшелігін танытып, мағыналы ақпарат беретін атау» (Жанұзақ және Рысберген, 2004, 5 б).

Қазір ономастика – отаршылдық кезеңде бұрмаланған тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің маңызды тетігі. Қазақстанның солтүстік өңірлерінде, соның ішінде Ақмола облысында, патша үкіметі мен кеңестік жүйенің жүргізген атау саясаты ұлттық ономастикалық кеңістіктің құрылымына елеулі өзгеріс енгізіп, байырғы атауларды жойып, олардың орнына идеологиялық мазмұндағы ресми атауларды орнықтырды.

Қазіргі Қазақстанның ең маңызды міндеттерінің бірі – өсіп келе жатқан ұрпақтың ұлттық өзіндік санасы мен патриотизмін ояту және қалыптастыру. Мақалада Ресей империясының кейіннен Кеңес Одағының Қазақстанның Далалық өлкесіне жүргізген отаршылдық экспансиясы нәтижесінде қазақ халқы өзінің этномәдени тұтастығы мен өзіндік ерекшелігін жоғалтпай, сонымен бірге тәуелсіз мемлекетті қайта қалпына келтіруге деген ұмтылысын сақтап қалғаны көрсетілген (Ксенжик, 2015, 7 б).

Тәуелсіздік кезеңінде тарихи атауларды қайтару және ұлттық сипатқа сай жаңа атаулар беру мәселесі мемлекет саясатының өзекті бағытына айналды. Бұл үдеріс тек әкімшілік немесе тілдік реттеу шарасы ғана емес, сонымен қатар ұлттың тарихи жадын жаңғырту, мәдени ландшафты қалпына келтіру және деколонизация қағидаттарын жүзеге асырудың бір қыры болып табылады.

Осы зерттеуде Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық бірліктеріндегі атаулардың тарихи-мәдени мазмұны, олардың өзгеру динамикасы және қазіргі ономастикалық саясаттағы орны талданады. Сондай-ақ, аймақтық ономастика мәселелерін философиялық тұрғыда зерделей отырып, ұлттық бірізділікті қалыптастыру және тарихи әділеттілікті орнатудағы ономастикалық үдерістердің рөлі айқындалады.

Ақмола облысы 1939 жылы құрылған. Облыс құрамына 3 қала (Көкшетау, Қосшы, Степногорск) және 17 аудан (Ақкөл, Аршалы, Астрахан, Атбасар, Біржансал, Бұланды, Бұрабай, Егіндікөл, Ерейментау, Есіл, Жақсы, Жарқайың, Зеренді, Қорғалжын, Сандықтау, Целиноград, Шортанды) кіреді. 8 шағын қала, 5 кент, 589 ауылдық елді мекен бар. Бұл өз кезегінде ел аумағындағы елді мекендері көп ірі облыс болып саналады. Аудан саны жағынан бірінші орында тұр (Oq.gov.kz, 2026).

Зерттеу мақсаты

Ақмола облысы бойынша постколониалды кезеңдегі ономастикалық кеңістіктің трансформациясын философиялық тұрғыда талдау, тарихи атаулардың қайта оралуын ұлттық бірегейлікті сақтау және мәдени жадыны жаңғырту құралы ретінде негіздеу.

Зерттеу әдістері

Ақмола облысы әкімшілік-аумақтық қайта құрулардың тарихи сабақтастығын (әртүрлі кезеңдерде болыс, уезд, облыс және өлке құрамына нақты қай аумақтар мен елді мекендердің кіргенін) түсіндіру тұрғысынан ең күрделі аймақтардың бірі болғандықтан, бұл мақалада топонимдер қазіргі әкімшілік-аумақтық құрылым шеңберінде талданады. Ақмола облысында жалпы саны 605 атау бар, зерттеу аясында сол атауларға талдау жасалады.

Мақалада тарихи реконструкция әдістері қолданылады, себебі аталған облыс ұзақ уақыт бойы сыртқы ықпалдарға ұшырап, әкімшілік тұрғыдан бірнеше мәрте өзгеріске түскен. Зерттеудің бастапқы өлшемі ретінде 1939 жылдан бері бекітілген Ақмола облысының шекаралары алынады.

Жеке бөлімде мәдени топонимиканың ерекшелігі қарастырылады: қазақтардағы атау қалыптастыру дәстүрінің тарихы, сондай-ақ топонимдердің мәдени кеңістікті қалай құрылымдап, символдық тұрғыдан «таңбалайтынын» айқындайтын қағидаттар талданады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі топонимдердің шығу төркініне қатысты тарихи контексттерді ашуға бағытталған ономастикалық талдауды қамтиды. Атап айтқанда:

- этимологиялық талдау,
- антропонимиялық талдау.

Деректерді өңдеу кезеңінде статистикалық материалдар, жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттарынан алынған қолданыстағы топонимиялық атаулар, сондай-ақ олардың тарихи реконструкциялары пайдаланылды. Философиялық талдау қазіргі топонимикалық «қайта жүктеудің» және мәдени ландшафттарды жаңаша пайымдаудың негізі ретінде мәдени жадтың әлеуетіне сүйенеді.

Қазақ тарихи топонимикасының негізгі қағидаттары

Қазақстанда кеңестік кезеңнің өзінде-ақ тарихи топонимика саласында белгілі бір ғылыми мектеп қалыптасты. Бұл бағытта бірқатар іргелі еңбектер жарық көрді. Ең қызықты ономастика және тарихи топонимика бойынша шолулар Галина Ксенжик («Историческая география степных областей Казахстана в XIX – начала XX вв.»), Ә. Қайдаров, А. Мұқатаев («Қазақ ономастикасының мәселелері»), Т. Жанұзақ («Қазақстан географиялық атаулары»), Қ. Рысберген («Қазақстан Республикасы. Әкімшілік-аумақтық бірліктер атаулары»), С. Негимов («Ақмола облысындағы ономастикалық атаулардың көрсеткіш-анықтамалығы») секілді ғалымдардың зерттеулері айрықша назар аударарлық.

Қазақ топонимикасының негізгі қағидаттарының бірі – топонимдердің өз бойына географиялық кеңістік, мәдени ландшафт, жер бедері мен табиғи орта, сондай-ақ геоло-

гиялық ерекшеліктер жөніндегі ақпаратты жинақтап сақтауы. Осы тұрғыдан алғанда жер-су атаулары белгілі бір аумақтың табиғи-тарихи келбетін сипаттайтын маңызды дереккөз қызметін атқарады.

Адамзат заманауи тарихындағы ең ықпалды мемлекеттердің бірі болған Кеңес Одағы ыдырауға жақын уақытта ірі қала атауларын ауыстырудың бірінші толқыны 1989-1994 жылдары болған еді. Бірақ, бұл толқынды 1984 жылы Ижевск (Удмурт Республикасының астанасы) қаласына сол жылы қайтыс болған қорғаныс министрі Дмитрий Устинов есімін берген кезде Кеңес билігі жергілікті тұрғындар тарапынан қатты қарсылыққа тап болып, 1987 жылы қала атауы қайта өзгерген болатын. Сол уақыттан бастап Кеңес үкіметінің солақай саясаты қалаларға кеңес кезеңі қайраткерлерінің есімін әртүрлі ономастикалық объектілерге беруге қарсы тұру басталды.

Қазақстанға да бұл толқын өз әсерін тигізді.

Әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болмасын, белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс табады, әрі нақты тарихи оқиғалардың жемісі болып табылады (Қайдаров және Мұқатаев, 1986, 5 б.).

Осы ретте Қазақстан Республикасы егемендігін қалыптастыру үдерісінде жүздеген елді мекеннің тарихи атауы қайта жаңғыртылды, бірқатар кенттердің, облыстық және аудандық бағыныстағы қалалардың атаулары қайта аталып, өзгертілді, республикадағы көптеген топонимдердің транскрипциясы түзетілді. Жас тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының географиялық атауларын (топонимдерін) стандарттау және біріздендіру мәселелері бүгінгі күнге дейін де өзекті болып отыр. Бұл – әлемдік қауымдастықпен байланыстардың өлшеусіз артуына, халықаралық аренаға шығуына, қоғам өмірінің түрлі салаларындағы ынтымақтастықтың кеңеюіне байланысты.

Қазіргі кезде ономастикалық атаулар қоғаммен бірге алға қарай қадам басып келеді. Бұл күнде рухани байлығымыздың, этникалық мәдениетіміздің белгісі – есімдер мен атаулар – әр ғасырдың ескерткіші ретінде халқымыздың тарихынан, салт-дәстүрінен, діни ұғымынан дерек беретін қайнар көз болып табылады. «Жер-су аты – тарихтың хаты» деп бекер айтпаған. Ономастикалық атаулардың тарихына үңіліп қарайтын болсақ, олардан қазақтың болмысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ғана көріп қоймай, белгілі бір кезеңнің, кейде тіпті дәуірдің де тарихын білуге болатын жағдайлар кездеседі. Сол себепті оларды қалпына келтіріп, сақтап, келер ұрпаққа мұра етіп қалдыру бүгінгі тәуелсіз елдің басты бағыттарының бірі (Қасенова, 2004, 5 б.). Ономастика саласы бүгінгі күні елімізде үлкен әлеуметтік-мәдени маңызға ие болып, қоғамдық саяси мәселеге айналып отыр. Бұл сала өз кезегінде ішкі саясат, сыртқы саясат, мәдениет, тарих және тағы да басқа салалармен тығыз байланысты.

Қазақ даласындағы патша үкіметінің отаршыл, кеңестік жүйенің тоталитарлық саясаты ел аумағындағы ономастикалық атауларға орасан зор нұқсан келтірді. Ұлттық мәдениетіміздің феномені болып отырған көне атауларды тілдік мұра, тарихи жәдігер ретінде сақтап қалу, қалпына келтіру мәселелері бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі және бірегейі. Қазіргі кезде тарихи атаулармен, белгілі тұлғалардың есімдерімен қатар тәрбиелік сипаттағы фольклорлық, мифологиялық сана бағытындағы атауларды қоюға деген елдің пікірін де ескеру қажет. Жалпы қазіргі таңдағы ономастика саласын реттейтін заңнамалық актілерге сәйкес кез-келген көше немесе елді мекен атауын ауыстырған

кезде жергілікті халықтың пікірін ескеру мақсатында көпшілік тыңдау өткізу міндеттеледі. Қазақша атаулардың орыс тілінде әдейі бұрмаланып жазылуын өзгерту, тарихи атауларды қайта қалпына келтіру, тәуелсіздік алғалы бері халқымыз мойындаған белгілі тұлғаларымыздың есімдерінің ортамызға оралуы қазіргі ономастикалық саясаттың басты міндеті.

Әрбір атау – тарихи құжат. Ономастикалық атаулар – ұлттың рухани жадын көрсететін мәдени құндылық.

Мұны Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр ғана Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда «Ономастика саласы тарихи сана-сезімді жаңғыртудың маңызды идеологиялық құралы», – деп атап өткенінен аңғаруға болады (Тоқаев, 2023).

Бір айта кетерлік жай ономастика саласын зерттеуші ғалымдар арасында үнсіз ғана қалыптасқан «Қазақ ешқашан жер-су атауларын бекер қоймаған» тұжырым бар. Ақыл таразысынан өткізіп, санамен салмақтап, елімен бірге мәңгі жасайтын ат қойып, айдар таққан. Жер-су аттарына, кейбір құрылыс нысандары мен көшелерге байырғы ұлттық атауларын қайтару алғаш егемендік алған жылдары қарқынды жүрді. Қазір бұл үрдіс саябырсып тұр. Соңғы екі-үш жылда, 2023 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін атау беру жұмыстары мүлдем тоқтады десек те болады.

Кеңес Одағы ыдыраған кезге дейін өрмекшінің торындай өрілген өнеркәсіп саласы секілді барлық сала қиыншылыққа тап болған еді. Сол секілді ономастика саласы да бір-талай қиын кезеңді басынан өткізді. Сол жылдары көршілес Ресей елінде ірі 50 (елу) шақты қала атауларын өзгертсе, қалған посткеңестік тәуелсіз мемлекеттер 140-тан (жүз қырық) астам ірі қала атауларын өзгерткен екен (TravelAsk, n.d.).

Сәл кешірек болса да біраз ірі қалалар өз тарихи, байырғы атауларын қайтарып алды. Мысалы: 1991 жылы Шевченко қаласы – Ақтау қаласы (Тарас Шевченко – украин ақыны), 1992 жылы Гурьев қаласы – Атырау қаласы (Гурьев – орыс көпесі), 1993 жылы Кокчетав қаласы – Көкшетау қаласы, 1997 жылы Кустанай қаласы – Қостанай қаласы, 1999 жылы Актюбинск қаласы – Ақтөбе қаласы, 2007 жылы Семипалатинск қаласы – Семей қаласы болып өзгерген болатын. Ақтау мен Атырау қалаларының аттары толығымен өзгерсе, қалған жоғарыда аталған қалалардың атауы ресми құжаттарда дұрыс жазылу мақсатында мемлекеттік тілде транскрипциясы нақтыланды.

Алайда, Қазақстан картасындағы елді мекендердің, жер-су, физикалық-географиялық бірқатар объектілердің көптеген атаулары әлі де сонау отаршылдық кезеңінде немесе тоталитарлық замандағы көріністе қалып отырғандығы баршылық. Әсіре бұл жағдай Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында орын алып отыр. Бұл атауларды ұлттық сипатымызға қарай өзгерту алдағы уақыттарда атқаруға тиісті шаралардың бірі.

Қоныстанушыларға қатысты топонимика

Жоғарыда аталған өзгерістер ірі қалалардың жағдайы болатын. Енді аудандар мен қалаларға келсек бұл жерде де біраз өзгеріс байқауға болады. Мысалы Ақмола облысы бойынша «Ақмола облысындағы жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерді қайта атау және олардың транскрипцияларын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 қарашадағы №3759 Жарлығы негізінде бірқатар аудандар мен қалалар атауы өзгерді (Қазақстан Республикасының Президенті, 1997). Олар:

Алексеев қаласы - Ақкөл қаласы;
 Балкашин ауданы - Сандықтау ауданы;
 Вишнев ауданы - Аршалы ауданы;
 Краснознамен ауданы - Егіндікөл ауданы;
 Макин ауданы - Бұланды ауданы;

Державин ауданы - Жарқайың ауданы болып атаулары өзгеріп, қайта аталды. Ал төмендегі:

Ерментау ауданы - Ерейментау ауданы;
 Ерментау қаласы - Ерейментау қаласы;

Кургальджин ауданы - Қорғалжын ауданы болып транскрипциясы нақтыланып, мемлекеттік тілде дұрыс жазылып, реттелді. Кейінірек, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №605 Жарлығы негізінде идеологиялық ескірген атау Еңбекшілдер ауданына Біржан сал ауданы атауы берілді (Қазақстан Республикасы Президенті, 2017).

Жалпы Ақмола облысы бойынша кішігірім дерек бере кетсек. Ақмола облысы алғаш рет 1939 жылы 14 қазанда құрылды. 1960 жылы 26 желтоқсанда таратылды. 1961 жылы сол Ақмола облысының шекарасына Целиноград облысы құрылды. Ал 1992 жылғы 6 шілдеде бұрынғы Ақмола облысының атауы қайта қалпына келтірілді (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумы, 1992).

Қазіргі таңда Ақмола облысында 17 ауданның 15-інің атауы мемлекеттік тілде Астрахан ауданы мен Целиноград ауданы атаулары ғана бүгінгі күнге дейін ресми тілде аталып жүр. Үш облыстық маңызы бар қала атауларының екеуі мемлекеттік тілде Көкшетау мен Қосшы қаласы, ал Степногорск қаласының атауы ресми тілде аталып жүр. Жалпы аудандардың жағдайы жақсы деуге болады.

Енді кішігірім елді мекендерге келсек, яғни ауыл мен ауылдық округтер тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін 160-тан астам елді мекеннің атауы өзгерген. Өзгерген атаулардың ішінде Первомай, Семеновка, Миновка, Фарфоровое, Максимовка, Макинск, Вишнев, Малотимофеевка секілді идеологиялық тұрғыда ескірген, мән-мағынасыз қойылып кеткен атаулар бар.

Бірақ, бір айта кетері бұл атаулардың атауын өзгерткен кезде сол жердің жергілікті тұрғандары тарапынан біраз қарсылық туындауы. Қарсылықтың себебінен бүгінгі күнге дейін біраз атаулар ауыспай қалып отыр. Жергілікті тұрғындардың әлі де болса кеңестік тәрбиенің бүгінгі күнге дейін санада мықтап тұрғандықтың әсері. Сондағы айтатын уәждері бұл идеологиялық ескірген атаулар олардың тарихы және жастайынан үйреніп қалған атаулар. Бірақ, өзін Кеңес Одағының мұрагері санайтын көршілес Ресей елінің өзінде Ленин, Сталин секілді қайраткерлердің есімдерін қалдырмай, байырғы және тарихи атауларын қайтарған.

Кеңес Одағы ыдырамай тұрған кездің өзінде сол кезеңдегі КОКП-ның бірінші хатшысы Никита Хрущев И.В. Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеп, «Жеке тұлғаға табыну және оның салдары туралы» жабық баяндама жасаған болатын. Соның салдарынан 1961 жылы ең бірінші Сталинград қаласындағы Сталин даңғылының атауы ауыстырылды, аз уақытта Сталин ауданы кейіннен Сталинград қаласының атауы Волгоград болып өзгертілді. Көп уақыт өтпей Сталин атындағы елді мекендер мен көшелердің атауы жылдам ауысты.

Ірі қалалардың атауын ауыстырудың бірінші толқынында 1991 жылы Ленинград атауы өзгертіліп, 200 жылдан астам тарихи атау болған Санкт-Петербург атауы қайтарылды.

Ақмола облысына қайта оралсақ. Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласы. Көкшетау қаласының негізі 1824 жылы қаланды. Ол Ақмола облысының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік. Аумағы толығымен Зеренді ауданының жерінде орналасқан (Wikipedia contributors, n.d.). Қаланың әкімдік құрамы аумағына Краснояр ауылдық округі, Станционный кенттік әкімдігі кіреді. Екі атау да әлі күнге ресми тілде. Краснояр ауылдық округі және ауыл орталығы Красный яр ауылы 1929 жылы құрылған. Құрылған кездегі атауы Северный Маяк ауылы болған. Елді мекен 1931 жылы колхоз болып қайта құрылған кезде де осы атаумен құрылған. 1945 жылы Көкшетау қаласының орталығы болған кезде атауы Красный яр болып өзгерді (РУНИ.рф, n.d.). Сол кезеңнен бүгінгі күнге дейін ауыл аты солай аталуда («яр» сөзі ежелгі түркі тілінде – «жар, тік жағалау, тік құз» деген мағына береді). Көкшетау-2 теміржол станциясы жанындағы елді мекенді 1976 жылы 25 наурызда қала типіндегі кенттер санатына жатқызып, Станционный атауын берген. Бүгінгі күнге дейін осы атаумен аталады.

Ақмола облысының тағы бір ауданы ол Ақкөл ауданы. Аудан 1928 жылы құрылған және жоғарыда көрсетілгендей 1997 жылға дейін «Алексеевка ауданы» деп аталып келген. Құрамында Ақкөл қаласы, Азат, Ерназар, Родовка, Еңбек, Рамадан, Табиғат, Жалғызқарағай, Қайнар, Тастыадыр, Айдарлы, Домбыралы, Кеңес, Кіші Барап, Қарасай, Қына, Сазды бұлақ, Кемеркөл, Наумовка, Өрнек, Қараөзек, Құрылыс, Новорыбинка, Амангелді, Малоалександровка, Мереке, Талқара, Урюпинка ауылдары бар. Жалпы саны 29 елді мекен 7 ауылдық округ пен 1 ауылдық, 1 қалалық әкімдікке біріктірілген. Олар: Ақкөл қаласы мен Азат, Еңбек, Жалғызқарағай, Кеңес, Қарасай, Наумов, Новорыбин, Урюпин ауылдық округтері. Көрсетілген 9 атаудың 4-еуі идеологиялық тұрғыдан ескірген, ресми тілдегі атаулар.

Урюпинка ауылының «Шолаққарасу» деген байырғы атауы Орталық мемлекеттік архивтегі № 371 қордан табылып отыр. Ондағы Ақмола уезі қоныс аудару аудандарындағы елде орналасу барысы туралы мәлімдеме деп аталатын құжатта анық көрсетілген. Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің жинаған деректеріне қарағанда, бұл елді мекен сонау 1884 жылы құрылып, 1901 жылға дейін Сосновка деп аталған. Оның себебі де бар, жаңа елді мекен орналасқан жерді ит тұмсығы өтпейтін қалың қарағай орман қаумалап тұрған. Уақыт өте келе сансыз қарағай аяусыз оталып, құрылысқа пайдаланылған да, жойылып кеткен. Кейінірек Ресейдің Волгоград облысындағы Урюпинск қаласынан көшіп келушілер жайлы жер іздеп, үдере көшіп келулеріне байланысты бұл жер Урюпинка аталған. Әйтсе де ескі атауы біраз уақытқа дейін жойылмай, Сосновка-Урюпинка деген қосарлы атпен аталған. Бұл туралы Ақкөл ауданының мектеп мұрағатынан табылған жазбада жан-жақты баяндалады.

Осы аудандағы Ново-Рыбинский ауылының байырғы атауы – Шортанкөл. Бұл көлде шортан балық ересен көп болыпты деседі. Көптігі сондай, суға келген жылқылар үлкен балықтарды көріп шошыған екен. Осы себепті Шортанкөл деген атауға ие болған. Байырғы атау туралы орталық мемлекеттік архивтің №371 қорында мәлімет бар (Egemen.kz, n.d.).

Аршалы ауданы 1932 жылы Вишневка деген атаумен құрылған. Жоғарыда көрсетілген 1997 жылы 14 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ар-

шалы ауданы болып қайта құрылған. Құрамында 12 ауылдық округ пен 1 кент бар. Олар: Ақбұлақ, Анар, Арнасай, Бұлақсай, Бірсуат, Елтоқ, Жібек жолы, Ижевск, Константинов, Михайлов, Сарыоба, Түрген ауылдық округтері мен Аршалы кенті. Мәселен, Михайловка ауылы Мойылды өзенінің жағасына ірге тепкен. Өзен аңғарындағы Михайловканың әуел бастағы атауы Мойылды екендігі ешбір талас тудырмайды. Бұл да архивтегі №371 қорда бар. Жалпы 13 атаудың 3-еуі ресми тілде аталады.

Астрахан ауданы – Ақмола облысының орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік бөлініс. Аудан мәртебесін 1936 жылы алған. 1963 жылға дейін Новочеркасск деп аталған. Құрамында 11 ауылдық округ пен 1 ауылдық әкімдік бар. Олар: Астрахан, Ескі Қалқұтан, Есіл, Жалтыр, Қалқұтан, Қызылжар, Николаев, Новочеркасск, Острогор, Первомай, Ұзынкөл ауылдық округтері мен Каменка ауылдық әкімдігі. Новочеркасск елді мекенінің бұрынғы атауы Шаншар. Бұл туралы Омбы облыстық тарихи архивінің №198 қорының үшінші тізімінде жазылған. Жалпы 12 атаудың 6-ауы ресми тілде.

Атбасар ауданы – Ақмола облысының батысындағы әкімшілік бөлініс. 1928 жылы құрылған. Құрамында 2 ауылдық, 1 қалалық әкімдік пен 11 ауылдық округ бар. Олар: Атбасар қалалық әкімдігі мен Новосельское, Борисовка ауылдық әкімдіктері және Ақан Құрманов, Бастау, Макеев, Мариновка, Покров, Полтава, Сепе, Сергеев, Тельман, Шұңқыркөл, Ярослав ауылдық округтері. Жалпы 14 атаудың 9-ы ресми тілде.

Бурабай ауданы – Ақмола облысының солтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік. ҚР Президентінің 2009 жылғы 3 қыркүйектегі «Ақмола облысының Щучье ауданын қайта атау туралы» № 862 Жарлығы негізінде атауы Щучье ауданынан Бурабай ауданы деп өзгерген (Қазақстан Республикасы Президенті, 2009). Аудан тарихы қазақ хандығымен, ұлт-азаттық көтеріліспен, қазақ өнерінің айтулы майталмандарымен тығыз байланысты. Аудан болып 1928 жылы 17 қаңтарда құрылған. Құрамында 9 ауылдық округ пен 1 кенттік және 1 қалалық әкімдік бар. Олар: Щучинск қаласы мен Бурабай кенті, Абылайхан, Атамекен, Веденов, Зеленобор, Златополье, Кенесары, Қатаркөл, Успенюрьев, Ұрымқай ауылдық округтері. Жалпы 11 атаудың 5-уі ресми тілде аталып тұр.

Успенюрьев елді мекенінің байырғы атауы Омбы облыстық тарихи архивінің №111 қорында «Арықбалық» деген атаумен сақтаулы тұр.

Бұланды ауданы - Ақмола облысының орталық бөлігіндегі әкімшілік аудан. 1930 жылы Қарағанды облысы Щучинск ауданының аумағы екіге бөлініп, орталығы Вознесенка ауылы болып Макинск ауданы құрылған. Құрамында 1 қалалық әкімдік пен 11 ауылдық округ бар. Олар: Макинск қаласы мен Айнакөл, Алтынды, Амангелді, Вознесен, Еркөл, Журавлёв, Капитонов, Карамышев, Қараөзек, Никольск, Новобрат ауылдық округтері. Жалпы 12 атаудың 7-уі ресми тілде аталады.

Біржан сал ауданы (бұрынғы Еңбекшілдер ауданы) - Ақмола облысының солтүстігіндегі әкімшілік бөлініс. Аудан 1928 жылы 17 қаңтарда құрылған. Ауданда 5 ауылдық, 1 қалалық әкімдік пен 9 ауылдық округ бар. Олар: Степняк қаласы, Ақсу, Заозёрный, Кеңашы, Краснофлот, Мамай ауылдық әкімдіктері және Аңғал батыр, Баймырза, Бірсуат, Донской, Еңбекшілдер, Заурал, Макинка, Уәлиханов, Үлгі ауылдық округтері. Жалпы 15 атаудың 6-уы ресми тілде.

Егіндікөл ауданы - Ақмола облысының оңтүстік-батысындағы әкімшілік бөлініс. 1970 жылы Краснознамен атауымен құрылған. Жоғарыда көрсетілгендей 1997 жылы Егіндікөл ауданы болып қайта аталған. Құрамында 1 ауылдық әкімдік пен 8 ауылдық округ

бар. Олар: Бауман ауылдық әкімдігі мен Абай, Алакөл, Армавир, Буревестник, Егіндікөл, Жалманқұлақ, Қоржынкөл, Ұзынкөл ауылдық округтері. Жалпы 9 атаудың 2-уі ғана ресми тілде.

Ерейментау ауданы - Ақмола облысының шығысындағы әкімшілік бөлініс. Аудан 1928 жылы құрылған. Құрамында 3 ауылдық, 1 қалалық әкімдік пен 10 ауылдық округ бар. Олар: Ерейментау қаласы, Майлан, Ақсуат, Сілеті ауылдық әкімдіктері және Өлеңті, Ақмырза, Бестоғай, Бозтал, Еркіншілік, Күншалған, Қойтас, Олжабай батыр, Тайбай, Торғай ауылдық округі ауылдық округтері. Жалпы 14 атаудың барлығы да қазақ тілінде. Бұл қуантарлық жағдай.

Есіл ауданы - Ақмола облысының батысындағы әкімшілік аудан. Аудан 1930 жылы құрылған. Ауданда 1 қалалық, 1 кенттік, 1 ауылдық әкімдік пен 12 ауылдық округ бар. Олар: Есіл қаласы, Красногор кенті, Знаменка ауылдық әкімдігі және Ақсай, Бұзылық, Двуречный, Жаныспай, Заречный, Интернациональный, Красивое, Қаракөл, Мәскеу, Орлов, Свободный, Юбилейный ауылдық округтері. Жалпы 15 атаудың 10-ы ресми тілде аталып жүр.

Жақсы ауданы – Ақмола облысының солтүстік-батысындағы әкімшілік бөлініс. 1955 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты құрылған, әкімшілік шекара ретінде 1957 жылы құрылды. Ауданда 2 ауылдық әкімдік пен 12 ауылдық округ бар. Олар: Новокиенка мен Терісаққан ауылдық әкімдіктері және Белағаш, Беловод, Есіл, Жақсы, Жаңақима, Запорожье, Калинин, Киев, Қызылсай, Подгорное, Тарасов, Чапаев ауылдық округтері. Жалпы 14 атаудың 8-і ресми тілде жазылған.

Жарқайың ауданы - Ақмола облысының оңтүстік-батысындағы әкімшілік бөлік. 1955 жылы Боранкөл ауданы болып құрылған. 1957-1997 жылдары Державин ауданы болған, 1997 жылы қазіргі Жарқайың атауы берілді. Ауданда 11 ауылдық, 1 қалалық әкімдік пен 5 ауылдық округ бар. Олар: Державинск қаласы мен Бірсуат, Гастелло, Далабай, Құмсуат, Львов, Пригородный, Пятигорский, Тасөткел, Тассуат, Үшқарасу, Шойындықкөл ауылдық әкімдіктері және Жаңадала, Костычев, Нахимов, Отрадный, Уәлиханов ауылдық округтері бар. Жалпы 17 атаудың 8-і ресми тілде.

Зеренді ауданы - Ақмола облысының солтүстігіндегі әкімшілік бөлініс. Зеренді селосы Зеренді көлінің жағасына 1824 жылы салына бастаған. Аудан құрамында 1 кент, 1 ауылдық әкімдік пен 20 ауылдық округ бар. Олар: Алексеев кенті мен Айдабол ауылдық әкімдігі және Ақкөл, Бәйтерек, Бұлақ, Викторов, Зеренді, Исаковка, Күсеп, Қанай би, Қонысбай, Қызылегіс, Қызылсая, Мәлік Ғабдуллин, Ортақ, Приречен, Садовый, Сарыөзек, Сейфуллин, Симферополь, Троицк, Шағалалы ауылдық округтері. Жалпы 22 атаудың 7-уі ресми тілде аталған.

Қорғалжын ауданы - Теңіз-Қорғалжын ойысында орналасқан. 1928 жылы Көнқорғалжын, Қорғалжын, Соңалықорғалжын, Жақсыкөн, Сарыөзен болыстарының қосылуымен құрылған. Аудан құрамында 8 ауылдық округ бар. Олар: Амангелді, Арықты, Кеңбидайық, Қарашалғын, Қорғалжын, Қызылсай, Майшұқыр, Сабынды ауылдық округтері. Бұл ауданда да 8 атаудың барлығы қазақ тілінде.

Сандықтау ауданы - Ақмола облысының солтүстік-батыс бөлігіндегі әкімшілік бөлік. 1928 жылы құрылған. 1997 жылға дейін Балкашин ауданы болып аталған. Аудан құрамында 14 ауылдық округ бар. Олар: Ақсораң, Балкашин, Барақпай, Белгород, Бірлік, Васильев, Весёлов, Жамбыл, Каменка, Лесной, Максимов, Мәдениет, Сандықтау, Широков ауылдық округтері. Жалпы 14 атаудың 8-і ресми тілде аталып жүр.

Целиноград ауданы (1961 жылға дейін Ақмола ауданы) - Ақмола облысының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік-аумақтық бірлік. 1918 жылы Ақмола атауымен құрылған аудан. Аудан құрамында 6 ауылдық әкімдік пен 15 ауылдық округ бар. Олар: Қажымұқан, Ыбырай Алтынсарин, Қаражар, Қоянды, Мәншүк Мәметова, Талапкер ауылдық әкімдіктері мен Ақжар, Ақмол, Арайлы, Жаңаесіл, Жарлықөл, Қабанбай батыр, Қараөткел, Қызылсуат, Нүресіл, Оразақ, Рақымжан Қошқарбаев, Родина, Софиевка, Тасты, Шалқар ауылдық округтері. Жалпы 21 атаудың 2-уі ғана ресми тілде.

Шортанды ауданы – Ақмола облысының орталық бөлігіндегі көлемді әкімшілік-аумақтық бөлік. Аудан 1939 жылы құрылған. Аудан құрамында 2 кент пен әкімдік пен 9 ауылдық округ бар. Олар: Жолымбет, Шортанды кенттері және Андреев, Бектау, Бозайғыр, Дамса Новокубан, Новосёлов, Петров, Пригородный, Раевка ауылдық округтері. Жалпы 11 атаудың 6-уы ресми атауда.

Степногорск қаласы – облыстық бағыныстағы қала. 1963 жылы әскери гарнизон ретінде алғашқы тасы қаланып, кейіннен өнеркәсібі қарышты дамыған қалаға айналды. Қала құрамына 1 қала, 4 кент, 3 ауылдық әкімдік, 1 ауылдық округ кіреді. Олар: Степногорск қаласы, Шаңтөбе, Ақсу, Заводской, Бестөбе кенттері, Изобильный, Қарабұлақ, Қырыққұдық ауылдық әкімдіктері және Бөгенбай ауылдық округі. Жалпы 9 атаудың 3-уі ресми тілде қолданылып жүр.

Тұтастай алғанда, Ақмола облысында ірі әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауларына сандық талдау жасалынды. Жалпы облыста 221 ірі әкімшілік бөлініс бар, 99 елді мекеннің атауы ресми тілде. Пайыздық тілмен айтсақ Ақмола облысындағы ірі ауылдық округ, қала, кенттердің 45%-ының атауы идеологиялық ескірген, кезінде мән-мағынасыз қойылып кеткен, ресми тілдегі атаулар. Бұдан біз тәуелсіздік алғалы бері отыз жылдан артық уақыт өтсе де ірі елді мекен атауларының жартысына жуығы әлі де болса өзге тілде аталуы біздің санамызда кеңестік идеологияның әлі де болса мықтап орын алғанын, одан әлі құтылмағанымызды көрсетеді.

Ономастика деген кез келген жанды және жансыз заттар мен құбылыстарды даралап белгілейтін ғылымның бір саласы (Жанұзақ және Рысберген, 2004, 5 б). Ал біздегі елді мекендер атауы мемлекеттік тілде болмаса, көршілес Ресей еліндегі атауларды қайталайтын атаулар болса, ол даралығымызға келер қауіпті құбылыс.

Ономастикалық атауларды өзгерту мен қайта атау барысында мұқияттылық таныту қажет. Кейбір атаулар қазіргі кезеңде, енді кейбіреулері таяу болашақта өзгертіледі. Кей жағдайда әрбір облыстың өзіне тән тарихи мезеттерді, сол жердің демографиялық ахуалы ескеріледі. Бәрінен қымбаты – еліміздегі ұлтаралық келісім мен татулық.

Сондықтан халықпен санасу, көпшіліктің пікірін ескеру бойынша аудан, облыс деңгейінде жүйелі жұмыстар жасалуы керек. Ономастикалық атаулар беру мәселесі жершілдіктен, рушылдықтан, ата жарыстырудан аулақ тұрып, елдік мүдде тұрғысынан қарастырылуы керек.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы, әлемдік геосаяси кеңістіктен өзінің лайықты орнын алуы баршамыз үшін қандай мақтанш болса, тарихымызды тану мен құрметтеу де елдің абыройын асыратын мәселе.

Осы бөлімді қорытындылай келе, атауы тарихи тұрғыдан тұрақты сақталған, қоғамдық-саяси өзгерістерге қарамастан өзгеріске ұшырамаған топонимдерге де назар аудару қажет. Мәселен, Бурабай, Зеренді, Көкшетау, Құсмұрын, Айыртау, Атбасар, Қорғалжың

сияқты атаулар жергілікті табиғи-географиялық ерекшеліктермен және дәстүрлі тілдік-мәдени кеңістікпен сабақтасып, ғасырлар бойы қолданылып келеді (Ксенжик, 2015, 7 б). Мұндай тұрақты топонимдер елдің тарихи жады мен мәдени сабақтастығын айқындайтын құндылық ретінде ерекше мәнге ие.

Қорытынды

Осы мақалада Қазақстандағы тарихи топонимиканың қалыптасу логикасы, оның ұлттық тарихи сана мен мәдени жадыны жаңғыртудағы рөлі, сондай-ақ тәуелсіздік кезеңіндегі ономастикалық саясаттың өзекті түйткілдері қарастырылды. Кеңестік кезеңнің өзінде-ақ Қазақстанда топонимикалық зерттеулердің белгілі бір ғылыми мектебі қалыптасып, жер-су атауларын тілдік дерек, тарихи құжат, географиялық-мәдени мән ретінде талдауға негізделген әдістемелік дәстүр орнықты. Бұл мектептің басты жетістігі – топонимді тек атау ретінде емес, кеңістік туралы білімді сақтайтын күрделі ақпараттық құрылым ретінде түсіндіруі. Демек, қазақ топонимикасының негізгі қағидаты – атаулардың бойында географиялық кеңістік, табиғи орта, жер бедері, мәдени ландшафт және тарихи оқиғалар туралы қабаттасқан деректің сақталуы – зерттеу барысында толық дәлелденді.

Зерттеу барысында топонимдердің «жердің тілі» ғана емес, халықтың дүниетанымы мен этникалық мәдениетінің нақты көрінісі екені айқындалды. Қандай қоғам болмасын, өзінің болмысы мен рухани тәжірибесін белгілі бір кеңістікте бекітеді: бұл кеңістік уақыт өте келе атаулар арқылы «еске түсіріліп», ұрпақ жадында жаңғырып отырады. Осы тұрғыдан қарағанда, «Жер-су аты – тарихтың хаты» деген тұжырымның ғылыми мазмұны терең, атаулардан тек табиғат белгілерін емес, белгілі бір кезеңнің идеологиясын, көші-қон тарихын, әкімшілік өзгерістерді, мәдени трансформацияларды да тануға болады. Сондықтан тарихи атауларды сақтау мен қалпына келтіру – мәдени мұраны қорғау ғана емес, ұлттық өзіндік сананы жүйелі жаңғыртудың маңызды тетігі.

Мақалада Кеңес Одағы ыдырауына жақын кезеңде және одан кейінгі уақыт аралығында қалалар мен елді мекендер атауларын өзгерту үдерісі посткеңестік кеңістіктегі ірі әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде сипатталды. Алғашқы толқынның қоғамдық пікірмен қақтығыс жағдайында жүретіні (жергілікті қарсылықтың тууы, даулы шешімдердің кері қайтарылуы) ономастиканың «таза ғылыми» сала емес, қоғамдық келісімге тікелей әсер ететін идеологиялық-әлеуметтік институт екенін көрсетті. Қазақстанға да бұл ықпал келіп, тәуелсіздік жылдары тарихи атауларды жаңғырту, идеологиялық ескірген атауларды алмастыру, транскрипцияны түзету сияқты жұмыстар қарқынды жүргізілді. Дегенмен, кейінгі жылдары бұл үдерістің баяулауы – мәселенің өзектілігі жойылғанын емес, керісінше оны шешудің күрделене түскенін аңғартады.

Осы зерттеудің басты практикалық өзегі – Ақмола облысы мысалындағы ономастикалық ахуалға жүргізілген сандық талдау. Жинақталған деректер облыстағы ірі әкімшілік-аумақтық бірліктер атауларының едәуір бөлігінде ресми тілдегі (идеологиялық немесе отаршылдық кезеңнен қалған) атаулардың сақталып отырғанын көрсетті. Яғни, тәуелсіздік алғанына отыз жылдан асса да, ірі елді мекендер мен әкімшілік бірліктер атауларының жартысына жуығына жақыны әлі де бөтен тілдік-идеологиялық қабат-

тың инерциясымен өмір сүріп келеді. Бұл – тек атау мәселесі емес, тарихи жад, қоғамдық сана, мәдени тәуелсіздік және символдық кеңістік үшін күрес мәселесі. Мұндай жағдай әсіресе солтүстік және орталық өңірлерде жиірек кездесетіні көрсетіліп, бұл құбылыстың демографиялық, тарихи және әкімшілік факторларымен байланысы байқалды.

Аталған талдауда «қоныстанушыларға қатысты топонимика» (поселенченская топонимика) феномені де нақтыланды. Қоныс аудару кезеңінде пайда болған немесе өзгертілген атаулар – кеңістікке сырттан енгізілген символдық белгі ғана емес, белгілі бір мемлекеттік саясаттың «ізі». Сондықтан мұндай атауларды жаңғыртуда екі өзара байланысты міндет туындайды: біріншісі – тарихи әділеттілікті қалпына келтіру (байырғы атауларды архив, ауызша тарих, жергілікті жады арқылы дәлелдеу); екіншісі – қазіргі қоғамдық тұрақтылықты сақтай отырып, өзгерісті өркениетті түрде жүзеге асыру (диалог, тыңдау, түсіндіру, кезең-кезеңімен енгізу). Бұл жерде кез келген аймақтың демографиялық ахуалы, жергілікті қауымның қабылдау деңгейі, әлеуметтік-психологиялық факторлар ескерілді.

Сонымен қатар, мақалада ономастикалық саясаттың құқықтық-процедуралық қыры айқындалды: қазір көше немесе елді мекен атауын өзгерту барысында көпшілік тыңдау өткізу міндеттелуі – қоғаммен санасудың институционалдық тетігі. Алайда, көпшілік тыңдаудың өзі формалды рәсімге айналып кетпей, түсіндіру жұмысы, дәлелді тарихи-географиялық негіз, әділ әрі ашық шешім қабылдау мәдениеті қатар жүруі қажет. Себебі, қарсылықтың негізгі себептерінің бірі – «бұрынғы атауға үйреніп қалдық» деген психологиялық инерция ғана емес, кейде ақпараттың тапшылығы, тарихи дәлелдің әлсіз жеткізілуі, немесе атау таңдаудағы субъективизм (жершілдік, рушылдық, «ата жарыстыру») болуы мүмкін. Демек, ономастикалық жаңғырту жұмыстары ұлттық мүдде мен қоғамдық келісім қағидатын тең ұстап, кәсіби негізде жүргізілгенде ғана нәтижелі болады.

Осы тұста тарихи тұрғыдан тұрақты сақталған топонимдердің құндылығы да ерекше көрінді. Бурабай, Зеренді, Көкшетау, Атбасар, Қорғалжын сияқты атаулардың ғасырлар бойы өзгермей қолданылуы елдің тарихи жады мен мәдени сабақтастығын бекітетін «тірі мұра» екенін көрсетеді. Мұндай атаулар – халықтың кеңістікпен табиғи байланысының дәлелі; оларды сақтау мен ғылыми тұрғыда түсіндіру ұлттық тарихи географияны жүйелеуге ықпал етеді. Басқаша айтқанда, ономастика – бір жағынан жоғалғанды қайтару, екінші жағынан сақталған құндылықты қорғау арқылы ұлттық кеңістіктің тұтастығын бекітетін сала.

Зерттеу нәтижелері негізінде мынадай қорытынды тұжырымдар ұсынылады. Біріншіден, ономастика саласы бүгінгі таңда әлеуметтік-мәдени маңызы жоғары қоғамдық-саяси деңгейге көтерілді және ол ұлттық идеологияның «жұмсақ қуаты» ретінде тарихи сананы жаңғыртуға қызмет етеді. Екіншіден, Ақмола облысы секілді облыстарда ресми тілдегі, идеологиялық тұрғыда ескірген атаулардың сақталуы отаршылдық, кеңестік символдық кеңістіктің инерциясын білдіреді. Бұл инерцияны еңсеру үшін ғылыми дәлел, институционалдық жүйе және қоғамдық диалог жақсы дамуды қажетсінеді. Үшіншіден, атауларды өзгерту жұмысы бір сәттік науқан емес, кезең-кезеңімен іске асатын, картографиялық-архивтік базаға сүйенетін, кең қоғамдық түсіндірумен қатар жүретін ұзақ мерзімді саясат болуы тиіс.

Әдебиеттер

Egemen.kz. (2025 жыл 18 қараша). Атажұрттағы атаулардың ақтаңдағы. Egemen.kz. Retrieved November 18, 2025, from <https://egemen.kz/article/233540-atadgurttaghy-ataulardynh-aqtanhdaghy>

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумы. (1992, 6 шілде). О восстановлении исторических наименований Уральской, Целиноградской, Чимкентской областей и города Целинограда [Постановление]. Adilet.zan.kz. Retrieved November 18, 2025, from https://adilet.zan.kz/rus/docs/P920001600_

Қазақстан Республикасы Президенті. (1997, 14 қараша). Ақмола облысындағы жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерді қайта атау және олардың транскрипцияларын өзгерту туралы (№ 3759) [Жарлық]. Adilet.zan.kz. Retrieved November 18, 2025, from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U970003759_

Қазақстан Республикасы Президенті. (2009, 3 қыркүйек). Ақмола облысының Щучье ауданын қайта атау туралы (№ 862) [Жарлық]. Adilet.zan.kz. Retrieved November 18, 2025, from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000862_

Қазақстан Республикасы Президенті. (2017, 13 желтоқсан). Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданын қайта атау туралы (№ 605) [Жарлық]. Adilet.zan.kz. Retrieved November 18, 2025, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U170000605>

Қасенова Б. (2004). Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. Ақжол-баспа.

Қайдаров Ә., & Мұқатаев, А. (1986). Қазақ ономастикасының мәселелері. Ғылым.

Ксенжик, Г. Н. (2015). Историческая география степных областей Казахстана в XIX – начале XX вв. Айғаным.

Негимов С., Талпақова, А., & Машрапов Д. (2008). Ақмола облысындағы ономастикалық атаулардың көрсеткіш-анықтамалығы. Келешек-2030.

Oq.gov.kz. (2026, January 22). Ақмола облысы (өңір туралы мәліметтер). Oq.gov.kz. Retrieved January 22, 2026, from <https://oq.gov.kz/erulik/regions/1>

РУНИ.рф. Красный Яр (Акмолинская область). РУНИ.рф. Retrieved November 18, 2025, from [https://руни.рф/Красный_Яр_\(Акмолинская_область\)](https://руни.рф/Красный_Яр_(Акмолинская_область))

Тоқаев Қ. (2023, June 22). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі [Сөйлеу мәтіні]. Akorda.kz. Retrieved November 18, 2025, from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaidyndy-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959>

TravelAsk. (n.d.). Назови меня новым именем: Как переименовывали города в СССР и после его распада. TravelAsk. Retrieved November 18, 2025, from <https://travelask.ru/blog/posts/25467-nazovi-menya-novym-imenem-kak-pereimenovyvali-goroda-v-sssr>

Ақмола облысы. In Wikipedia. Retrieved November 18, 2025, from https://kk.wikipedia.org/wiki/Ақмола_облысы

Жанұзақ Т., & Рысберген Қ. (2004). Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. Азия.

References

Egemen.kz. (2025 zhyl 18 qarasha). Atazhurttagy ataulardyn aqtandagy. Egemen.kz. Retrieved November 18, 2025, from <https://egemen.kz/article/233540-atadgurttaghy-ataulardynh-aqtanhdaghy>

Qazaqstan Respublikasy Zhogargy Kenesi Prezidiumy. (1992, 6 shilde). O vosstanovlenii istoricheskikh naimenovaniy Ural'skoi, Celinogradskoi, Chimkentskoi oblastej i goroda Celinograda [Postanovlenie]. Adilet.zan.kz. Retrieved November 18, 2025, from https://adilet.zan.kz/rus/docs/P920001600_

Qazaqstan Respublikasy Prezidenti. (1997, 14 qarasha). Aqmola oblysyndagy zhekelegen әкімшілік-аумақтық birlikterdi қайта атау және олардың транскрипцияларын өзгерту туралы (№ 3759) [Zharlyq]. Adilet.zan.kz. Retrieved November 18, 2025, from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U970003759_

Qazaqstan Respublikasy Prezidenti. (2009, 3 qyrkuiek). Aqmola oblysynyn Shchuch'e audanyn қайта атау туралы (№ 862) [Zharlyq]. Adilet.zan.kz. Retrieved November 18, 2025, from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000862_

Qazaqstan Respublikasy Prezidenti. (2017, 13 zheltoqsan). Aqmola oblysynyn Eñbekshilder audanyn qaita atau turaly (№ 605) [Zharlyq]. Adilet.zan.kz. Retrieved November 18, 2025, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000605>

Kasanova B. (2004). Qazaq onomastikasynyn ozekti maseleleri. Akzhol-baspa.

Қайдаров А., & Муқатаев, А. (1986). Qazaq onomastikasynyn maseleleri. Gylym.

Ksenzhik G.N. (2015). Istoricheskaya geografiya stepnyh oblastei Kazahstana v XIX – nachale XX vv. Aiganym..

Negimov S., Talpaqova A., & Mashrapov D. (2008). Aqmola oblysyndagy onomastikalық атаулардын korsetkish-anyqtamalygy. Keleshek-2030.

Oq.gov.kz. (2026, January 22). Aqmola oblysy (onir turaly malimetter). Oq.gov.kz. Retrieved January 22, 2026, from <https://oq.gov.kz/erulik/regions/1>

RUNI.rf. Krasnyj Yar (Akmolinskaya oblast'). РУНИ.рф. Retrieved November 18, 2025, from [https://руни.рф/Красный_Яр_\(Акмолинская_область\)](https://руни.рф/Красный_Яр_(Акмолинская_область))

Tokaev K. (2023, June 22). Memleket basshysy Қасым-Zhomart Tokaevtyн Ultyq қurultaidyn «Adiletti Qazaqstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrasynda soilegen sozi [Soileu marini]. Akorda.kz. Retrieved November 18, 2025, from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-ultyk-kurylytadyн-adiletti-kazakistan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959>

TravelAsk. (n.d.). Nazovi menya novym imenem: Kak pereimenovyvali goroda v SSSR i posle ego raspada. TravelAsk. Retrieved November 18, 2025, from <https://travelask.ru/blog/posts/25467-nazovi-menya-novym-imenem-kak-pereimenovyvali-goroda-v-sssr>

Wikipedia contributors. (n.d.). Aqmola oblysy. In Wikipedia. Retrieved November 18, 2025, from https://kk.wikipedia.org/wiki/Ақмола_облысы

Zhanuzak T., & Rysbergen K. (2004). Qazaq onomastikasy: zhetistikteri men bolashagy. Aziya.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

Бекнур Тишбеков – философия кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, 10000, Астана, Қазақстан, tishbekov_bm@enu.kz, <https://orcid.org/0009-0007-2048-3950>

Бекнур Тишбеков – магистрант кафедры философии, Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, улица Сатбаева, 2, 10000, Астана, Казахстан, tishbekov_bm@enu.kz, <https://orcid.org/0009-0007-2048-3950>

Beknur Tishbekov – master's student, Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satbaev street, 10000, Astana, Kazakhstan, tishbekov_bm@enu.kz, <https://orcid.org/0009-0007-2048-3950>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.02.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 04.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026